

«КЕРЕМЕТ»



Жиырма төрт жасында СССР халық артисінің атағын алған бүкіл Одақ көлемінде жалғыз ғана Күләш еді. Одан кейінгі қырық бес жылдың ішінде ондай жас дарын жалғыз, дара шыға алған жоқ. Ол кезде ондай үлкен атақты беруге сәл сараңдау болатынбыз.

Жарықшақы жоқ, жалғаны жоқ, күміс қоңырау дауыс жан сезімінің қайғы, қуаныш, сүйіспеншілік, күй, уайым, жұбаныш, қызғаныш, кектесу сияқты барлық құбылысының бояуларын дәл беретін еді.

Күләш қандай рөлде ойнаса да, сахнаға шыққанда ақ, қалтқысыз сеніп қалатын едік. Әшейінде, күнделікті өмірде көптің бірінен айырмасы жоқ болса да, сахнаға шыққанда жасарып, жайнап, жанып, аруақтанып сала беретін. Сен білмейтін мимездер, үндер,

көзқарастар, қимыл-қозғалыстар табатын.

Күләштің кім екенін, қандай жан екенін сахнада ғана тануға болатын еді. Ол шексіз қуаныш, нағыз бақыт дегендерге сахнада ғана бөленіп тұрғандай болатын. Бұл – үлкен дарынның бір сыры, ең бағалы қымбат сыры. Мен Бибігүл мен Роза бөбегімізді ән үстінде осылай сезінемін.

Әрине, сол кезде Күләш болмаса, бізде қазақ операсы туа қоймаған болар еді. Құрманбек, Манарбек, Ғарифолла сияқты атақты әншілеріміз болғанымен, әніне ойыны сай героинасыз опера құрылған емес, құрылмайды да! Сондықтан Күләш – қазақ операсының анасы десең – анасы, кіндік шешесі десең – кіндік шешесі!

Сахнада өткен жиырма төрт жыл өмірінің ішінде Күләш көптеген бейнелер жасап кетті: Айман, Қыз Жібек, Хадиша, Шұға, Ақжүніс, Ажар, Сара, Маро, Мариям, Баттерфляй, Татьяна тағы басқалары. Осы рөлдерде ойнағанда бүгінгі әншілеріміз Күләштің сахнада қалған іздерін көріп, сол ізбен жүріп, ең алдымен Күләштің қалпына келіп алатыны сияқты әсер алады.

Күләш қазақ әндерін еуропалық оркестрге қосты, қазақ операсының сахнасына еуропалық музыканы шығарып кетті.

Күләштің осындай сегіз қырлы өнері мен еңбегін өте жоғары бағалап, СССР халық артисі Нежданова оны «Чудо» («Керемет») деп атайтын еді.